



Күнтізбе

CARTE POSTALE

CARTE POSTALE

CARTE POSTALE

POST CARD
BRIEFKART
CARTOLINA POSTALE

TOUR EIFFEL
AOUT
1900

En
de Paris
30/4/03
He

Mademoiselle Jeanne Rouss
4 rue de Serbie

1885
SARTE

10
1900

Paris 12/6 1901

Handwritten text on a letter, including "Correspondance" and "Madame".

Handwritten address on a letter: "M. J. Chateau", "rue Daubenton", "Paris".

Correspondance
Tous les pays étrangers s'acceptent sans la correspondance au recto (Se remanier à la Poste)

Madame

10
1900





Күнтізбе (ағылш. calendar) – уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі, анықтамалық басылым.


Юлий күнтізбесі



Күн күнтізбесі Мысырда шыққан. Мысырлықтар жыл ұзақтығын 365 тәулікке теңестіріп, оны әрқайсысы 30 күндік 12 айға бөлген, артық қалатын 5 күнді ешбір айға қоспай, құдайға құлшылық ететін күндер деп есептеген. Ол Еуропалық күнтізбелерге арқау болды. Біздің заманымыздан бұрынғы 45 ж. Рим императоры Юлий Цезарь, астроном Созигеннің жобасы бойынша жаңа күнтізбе жариялады. Бұл күнтізбе Юлий күнтізбесі немесе ескі санат деп аталды.





Юлий күнтізбесіндегі жылдың тропиктік жылдан 11 мин 14 с артықшылығы бар. Бұдан 128 жылда 1 күн, 384 жылда 3 күн жиналады. Осыны тұрақтандыру үшін Рим папасы Григорий XIII 1582 ж. уақыт есебін 10 күнге ілгері жылжытып, 5-қазанды 15-қазан деп есептеу және әрбір 400 жылда 3 кібісе жылды жай жыл есебінде алу туралы жарлық шығарды. Уақыт есебінің бұл жүйесі Григорий күнтізбесі немесе жаңа санат деп аталады. Осы күні көптеген елдерде Григорий күнтізбесі қолданылады.




Алғашқы ай күнтізбесі ежелгі Вавилонда шықты. Онда әрбір 8 жылдың бесеуінің ұзақтығы 354 күннен, ал қалған үшеуінікі 384 күннен есептелді. Сонда жылдың орташа ұзақтығы $(354.5+384.3):8=365,25$ күнге тең болады.

Араб күнтізбесі де Ай қозғалысына негізделген. Араб жылы 12 айдан құралады. Әрбір 30 жылда 11 жыл 355 күннен, 19 жыл 354 күннен саналады. Нақты жылдан 11 күні кем болғандықтан, араб жылының басы жылжып отырады.








Алғашқы күнтізбе





I
II
III
IIII
V
VI
VII
VIII
IIII
X
XI
XII
IIIX
IIIX
XX


XXI
XXII
XXIII
XXIV
XXV
XXVI
XXVII
XXVIII
XXIX
XXX



*Көптеген ғасырлар бұрын
Орталық Америкада
құдіретті ацтектер
мемлекеті болды.*

*Олар жылдың 365 күнін 18
айға 20 күнен бөліп және әр
күнге 5 «бақытсыз»
күндерді қосқан. Ацтектер
тастан дөңгелек пішінді
орасан күнтізбе ойып
жасаған. Әр күннің өзіне
сәйкес белгісі болған.*

Египет астрономдары осыдан 2000 жылдар бұрын күн қозғалысына негізделген күнтізбе жасаған. Біздің осы кездегі қолданып жүрген күнтізбеміз түбі содан шыққан. Мысыр күнтізбесі бойынша бір жылда 365 күн бар деп алынған, ал шын жылы 6 сағаттай ұзындау, сондықтан Күннің айрықша қалпы, мысалы жазғытұрымғы күн мен түн теңелу нүктесінен өтуі жыл сайын 6 сағат кешігіп келіп, күнтізбе бойынша 21 наурыз емес 22 наурызға келетін болған. 120 жылдан кейін 1 айға кешігетін болған.






**Қызықты
ақпарат**


Шотландиядан ең ежелгі күнтізбе

табылды

Археологтар Шотландиядағы Кратес қамалының маңынан әлемдегі ең ежелгі күнтізбелердің бірін тауып алды. Қазіргі кезде одан тек кішкене қалдықтары, яғни шұңқырлар ғана қалған екен. Бұл туралы BBC хабарлап отыр. Ғалымдардың сөзінше әр айды анықтайтын және Ай фазалары белгіленген барлығы 12 шұңқыр табылған көрінеді. Олардың көбі қыс мезгіліндегі күннің шығу нүктелеріне негізделген болып шықты. Зерттеушілердің сөзінше бұл құрылымдардың орташа жасы 10 мың жылдай. Осылайша бұл күнтізбе осы күнге дейін ең көне болып саналған Месопотамиядан табылған күнтізбеден жасы бойынша бірнеше мың жылдыққа көне болып отыр.



Мұндай ерекше шұңқырлар ең бірінші 2004 жылы табылған екен. Ғалымдардың жасаған анализі арқасында бұл шұңқырларда кезінде ағаш діңгектердің болғандығы анықталып отыр. Күнтүзбе алғаш рет ежелгі ескерткіштер мен Шотландия тарихы жөніндегі Корольдік комиссия бастамасымен жасалған әуеден аэрофототүсіру кезінде байқалған. Фотоларға тегіс жер бетінде байқала бермейтін ерекше тесіктер түсіп қалған.



Малайзия елі ай күнтізбесі бойынша
Қытай Жаңа жылын қарсы
алады

Малайзия елі ай күнтізбесі бойынша Қытай Жаңа жылын қарсы алады. Жыл сайын атап өтілетін бұл мереке жергілікті халық үшін өте маңызды. Себебі, тұрғындардың төрттен бір бөлігінің арғы тегі қытайдан шыққан. Көне Қытай мерекесінің тарихы салт-дәстүр мен ырым-